

Қазақстан Республикасының Италиян Республикасындағы Елшілігінің мәселелері

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1995 жылғы 14 желтоқсан N 1720

"Италиян Республикасында Қазақстан Республикасының Елшілігін ашу туралы"
Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 18 тамыздағы N 2409 U952409_ Жарлығын орындау үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Италиян Республикасындағы Қазақстан Республикасы Елшілігінің штаттық саны 16 адам болып бекітілсін.
2. Италиян Республикасындағы Қазақстан Республикасының Төтенше және Өкілетті Елшісінің лауазымдық жалақысы айына 2500 доллар мөлшерінде белгіленсін.
Елшілік қызметкерлерінің лауазымдық жалақылары Қазақстан Республикасы Елшісінің айлық шетел валютасындағы жалақысы басшылыққа алынып, штаттық кестеге сәйкес белгіленсін.
3. Елшіліктің қызметкерлеріне медициналық көмек көрсетуге аударымдар олардың шетел валютасындағы жалақы қорының 2 проценті мөлшерінде белгіленсін.
4. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Қазақстан

Республикасының Қаржы министрлігімен келісіп Италиян Республикасындағы Қазақстан Республикасы Елшілігінің штаттық кестесі мен шығыстар сметасын бекітсін.

5. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Италиян Республикасындағы Қазақстан Республикасы Елшілігін қаржыландыруды 1995 жылға арналған республикалық бюджетте қарастырылған қаржы есебінен жүзеге асырсын.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
бірінші орынбасары

